

Мақұлданды
Индустриялық кеңестің төрайымы
Курмашев Е.С.
«28» 08 2023ж.



ИНДУСТРИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 5-бабының 25-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында ҚР Білім және ғылым министрінің 31.12.2020 жылғы №566 бұйрығымен ТЖКБ ұйымдарында индустриялық кеңес ұйымдастыру.

Түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелерін шешу үшін колледждің алдында экономиканы олардың салалық ерекшелігіне сәйкес педагогикалық және техникалық кәсіптердің тиімді кадрларымен қамтамасыз ету міндеті тұр.

Құру мақсаты-өңірдің түрлі салаларында ұлттық экономиканың еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес жоғары білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау мақсатында дуальді оқытуды, модульдік-Құзыретті тәсілді әзірлеуде сараптамалық және техникалық көмек көрсету.

Индустриялық кеңестің міндеттері интеграцияланған білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу; заманауи білім беру бағдарламаларын, инновациялық жабдықтарды жасау және енгізу; педагог кадрлардың зияткерлік әлеуетінің сапасын арттыру; оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу және сатып алу; студенттердің академиялық ұтқырлық бағдарламасын енгізу; колледж имиджін ілгерілету болып табылады.

1. Жалпы ережелер

1.1 Индустриялық кеңес мамандарды даярлауды іске асыруда колледжге сараптамалық және техникалық көмек көрсету үшін құрылады.

1.2 Индустриялық кеңес колледждің әкімшілігімен және инженерлік-педагогикалық ұжымымен өзара іс-қимыл жасайды;

1.3 Индустриялық кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатқа ие және колледж әкімшілігінің қарауы үшін міндетті.

2. Индустриялық кеңестің құрамы

2.1 Индустриялық кеңестің мүшелері өздерінің тұрақты жұмыс орындарын сақтайды және индустриялық кеңесте қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырады.

2.2 Индустриялық кеңес төрағадан, төрағаның орынбасарынан, 3-4 мүшеден және хатшылықтан (дауыс беру құқығынсыз) тұрады. Төраға мен төрағаның орынбасары индустриялық кеңестің бірінші отырысында оның мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы тағайындалады.